

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай облыстың бала құқықтары жөніндегі уәкілі Жақсыгүл Тоғановамен аймақтағы балалардың құқығын қорғау мәселесі мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау жайы туралы сұхбаттасқан едік.



Жақсыгүл ТОҒАНОВА, Қызылорда облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл:

## ӘР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ

– Қызылорда облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл екеніңізден хабардармыз. Өзіңіздің жұмысыңыздың бағыты туралы айта кетсеңіз.

– Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің басты мақсаты – әр баланың құқығының сақталуын қамтамасыз ету және олардың қауіпсіз, қолайлы ортада өмір сүруіне жағдай жасау. Біздің негізгі жұмысымыз балалардың өмір сүру, білім алу, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғалуы секілді конституциялық құқығының сақталуын бақылаудан басталады. Сонымен қатар балалардан, ата-аналардан немесе заңды өкілдерден келіп түсетін арыз-шағым қаралып, тиісті шешім қабылданады. Білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер, әлеуметтік қорғау саласындағы мекемелермен бірлесіп жұмыс жүргіземіз. Балаларға қатысты құқық бұзушылықтың, әсіресе зорлық-зомбылық, буллинг, кемсіту, қараусыз қалу секілді мәселенің алдын алу – маңызды бағыттың бірі. Осы мақсатта мектептерде кездесу, түсіндіру жұмысы мен тренинг өткізіледі.

Әсіресе, әлеуметтік осал топтағы, жетім, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған отбасы балалары назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ өңірдегі балалардың жағдайына мониторинг жүргізіліп, проблемалық мәселе бойынша ұсыныс әзірленеді. Қоғамдық ұйымдармен, ата-аналармен бірлескен жобасы іске асады. Дағдарыстық жағдайда баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де тікелей атсалысамыз.

– Бала құқығы заңмен қорғалады. Десе де, қазір қоғамда балалар түрлі қиын жағдайға ұшырауда. Оны күнделікті ақпарат көздерінен көріп, жаға ұстайтын жайтқа тап боламыз. Сіздердің тарапыңыздан осы мәселеге қаншалықты талдау жасалады?

– Әрине, балалардың құқығының бұзылуына қатысты мәселе тұрақты зерделеніп, талдау жұмысы жүргізіледі. Егер бала зорлық-зомбылыққа, буллингке, немқұрайлыққа немесе заңсыз еңбекке тартылса, алдымен оның себептері мен денгейі анықталады. Соған сәйкес алдын алу және қорғау шарасы қолға алынады. Бұл бағытта облыстық Ішкі істер органымен, прокуратурамен, сот органымен, білім және денсаулық сақтау ұйымымен, қорғаншылық және қамқоршылық органымен, әлеуметтік қорғау мекемелерімен, психологиялық қолдау және үкіметтік емес ұйыммен бірлесіп жұмыс атқарамыз.

Басты мақсат – баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқығының бұзылуына жол бермеу және оған қажетті құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету. Сонымен бірге мектептерде кездесулер мен профилактикалық іс-шара тұрақты ұйымдастырылады.

3-БЕТТЕ

### Баспасөз-2026

#### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.



# Ақмешіт

30 мамыр сенбі

№40 (2252)

2026 ЖЫЛ

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### 31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



## ТАРИХҚА ТАҢБА САЛҒАН ЗҰЛМАТ



Ақиық ақын Жұбан Молдағалиев айтқандай бұл қазақ мың өліп, мың тірілген қайсар халық қой. Ашы да болса, ақиқаты осындай. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында да халқымыздың айдарынан жел есе қоймаған-ды. Қазан төңкерісі, 20-30-шы жылдардағы жұт, күштеп тәркілеу, колхоздастыру науқаны, осыдан туындаған жаппай аштық, босқыншылық, голошекиндік геноцид дейсіз бе, әйтеуір, санап тауыса алмайтын қиындық. Қысқасы, кешегі қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық жылдарында біздің қазақ елі өз халқының 42 пайызынан айырылған екен. Бұдан өткен ауыр нәубет пен қайғы-қасірет болар ма?

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбақовтың айтуынша, кеңестік билік орнағаннан кейін қазақ даласында жағдай қиындаған. Азамат соғысы жылдарында бір жағынан, қазақ ауылдарын ақтар, екінші жағынан, қызылдар келіп тонағанын, ал совет үкіметі орныққаннан кейін репрессия жаңа ескіп алған.

– Репрессия құрбандарын ақтау комиссиясының жұмысына қатысып, біраз құжатпен таныстық. 1920 жылдары совет үкіметі толық күшіне еніп, өзінің репрессиялық қимылын бастаған екен. XIX ғасырдың 20-50 жылдары Қазақстанда репрессиялық аппарат жұмыс істепті.

Қазақстандағы аштық Голошекин билікке келген кезден басталды деп айтуға болады. Өйткені ол кіші қазан революциясын орнатпай деп асыра сілтеушілікке барды. Соның нәтижесінде қазақтар жоспарды орындаймыз деп малынан, егіннен, жейтін тамағынан айырылып, бәрі орталыққа кетті. Соңғы кезде «Қазақстандағы ашаршылық әдейі ұйымдастырылған емес пе?» деген ой келеді. Бірақ совет үкіметіне әдейі аштық жасауға қолайсыз жағдай болды. Азаматтық соғыс кезінде 1920 жылдардағы совет үкіметі қызметкерлерінің ішінде қазақстандықтармен бірге украиндықтар бой көрсетті. Бір ғана мысал, азамат соғысы жүріп жатқан кезде өздерінің ұлттық үкіметін құруға украиндықтар, қазақтар, Закавказия республикалары талаптынып жатты, – дейді А.Оразбаев.

2-БЕТТЕ

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Оқу жылы аяқталып, балалардың асыға күтетін жаз мезгілі де келді. Әсіресе, жазғы лагерь – балалар үшін жаңа орта, қызықты ойын, достармен ерекше естеліктер мекені. Дегенмен, бүгінгі таңда балалардың лагерьге деген қызығушылығы бұрынғыдай ма деген сұрақ туындайды. Себебі, телефонға үйілген ұрпақ ештеңеге қызықпайтындай секілді. Сондықтанда балалардың қызығушылығын арттыратын танымдық бағдарламалар, спорттық сайыстар, шығармашылық үйірмелер мен қауіпсіз орта – басты назарда болуы тиіс. Жазғы демалыстың мәнді әрі есте қаларлықтай өтуі балалардың психологиялық дамуына да оң әсер етеді.



3-БЕТТЕ



## «AI-KERIM» 1 МАУСЫМҒА ДАЙЫН

Балалардың алаңсыз демалып, сапалы білім мен тәрбие алуына жағдай жасау – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе, олардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, денсаулығын нығайтуға арналған заманауи орталықтардың маңызы зор. Осы бағыттағы игі бастамалардың бірі – Президент саябағы аумағында орналасқан

«AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы. Жуырда ашылған орталық 1 маусымда алғашқы демалушыларын қабылдамақ. Мемлекет басшысының қолдауымен бой көтерген заманауи лагерь жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, балалардың сапалы демалысы мен жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

3-БЕТТЕ

## ЕКІ ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Бір мезетте екі бірдей халықаралық жобаның іргетасы қаланып, аймақ экономикасы жаңа белеске көтерілді. Мұндай жобалар отандық нарықты жоғары сапалы өніммен қамтып қана қоймай, экономиканың өркендеуіне және жаңа жұмыс орындарының ашылуына үлкен серпін бермек. Шетелден тасымалданатын сантехникалық, инженерлік және тұрмыстық бұйымдар енді өзімізде, халықаралық стандарттарға сай өндірілетін болады. Бұл жоба Қазақстанның өңдеу өнеркәсібін жаңа деңгейге көтеріп, экспорттық әлеуетін арттырады. Міне, осы стратегиялық бағыттың жарқын дәлелі – өңірде әлемге әйгілі сантехника және үй жиһаздарын шығарушы «Roca» бренді мен шыны ыдыстар шығаратын «Seven Rivers Technologies» зауыттарының іргетасы қаланды.

Испаниялық «Roca Group» зауытының жүз жылдан астам тарихы бар. Ол сантехникалық жабдықтар өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Компания әлем бойынша 78 өндірістік алаңды басқарады. Онда 20 мыңнан астам адам еңбек етеді. Өнімдері 170-тен астам елге экспортталады. Осындай жаһандық алпауыттың кезекті стратегиялық нысаны енді Сыр топырағында бой көтермек. Осы айтулы оқиғаның бастауы ретінде өңірде зауыттың қапсуласын салу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Roca Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурало Эрнандес, Испания елшілігінің сауда-экономикалық кеңесшісі Хесус Видаль Боррелья зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

2-БЕТТЕ

### ЖАҢА НЫСАН

## БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ АШЫЛАДЫ

Келбеті көркем, құлпырған өлкем. Дәл осы сөздер Қызылорданың бүгінгі бейнесіне айналғандай. Күн сайын құлпыра түскен қаламызда тағы да жаңа нысан ел игілігіне берілмек.



Атап айтқанда, Сырдың жағасын жайқалған жасыл жекке бөлейтін, өңірдің экологиялық болмысын жанғыртуға бағытталған бірегей жоба Ботаникалық бақтың құрылысы аяқталуға жақын. Көптен күткен жоба маусым айында халық игілігіне беріледі. Президент саябағы аумағында орналасқан Ботаникалық білім беру орталығының құрылысына 4 млрд 948 млн теңге бөлініп, 2,41 гектар аумақта орналасқан.

Жаңа бақ аймақтың экологиялық мәдениетін көтеріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды нысан болмақ. Бұл орталық қала келбетін көркейтпін қана қоймай, табиғатпен тілдесіп, жан тыныштығын табуға мүмкіндік беретін ерекше кеңістік қалыптастырады.

Мұнда әлемнің әр түрлі елдерінен әкелінетін экзотикалық және тропикалық өсімдіктер өсіріледі. Африкадан жеткізілетін верная пальмасы, финик канарский мен Мадагаскар алоэсы, Оңтүстік Америкадан әкелінетін вашиingtonia пальмасы, стрелиция және күлгін гүлді жакаранда ағашын Сыр топырағында өсіру жоспарда бар. Сонымен қатар мұнда ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оқушылар мен студенттерге арналған танымдық сабақтар ұйымдастырылады. Яғни, Ботаникалық бақ табиғатты танытатын зертханана айналмақ.

Қаланың көркейіп, жасыл желекпен көмкерілуі – тұрғындар үшін үлкен қуаныш. Осындай игі бастамалардың арқасында облыс орталығы күн өткен сайын заманауи, жайлы әрі экологиялық таза қалаға айналып келеді. Ботаникалық бақ – тек демалыс орны ғана емес, болашақ ұрпаққа табиғатты аялаудың маңызын ұғындыратын тағылымды орын болмақ.

А.АЙТЖАНОВА

## ЕКІ ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Мемлекеттік маңызы бар бастама Президенттің өлеңуші өнеркәсіпті дамыту және импортқа тәуелділікті азайту туралы тапсырмасына сай жүзеге асырылуда. Яғни, сырттан келетін дайын тауарға тәлімсіз, өзіміздің сапалы өнімді шығару арқылы ел экономикасын нығайту көзделген. Облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестиция тарту және заманауи өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмасына тоқталып, өңірде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын. Кейінгі жылдары өзіміздің инвестициялық әлеуеті артып, ірі жобалар табысты жүзеге асуда. Аймақ экономикасына 2,3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгін біз еліміз үшін маңызды, жоғары технологиялық өндіріс орнының қапсуласын салу рәсімінің күзсі болып отырғанын. Осындай ауқымды жобаны Сыр өңірінде жүзеге асырғаны үшін испандық «Rosca Group» компаниясына ризашылығымызды білдіреміз. Бұл бастама өңір экономикасына жаңа серпін беріп, экспорттық әлеуетті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Біз отандық және шетелдік инвесторлармен әрдайым ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатып, нәтижелі жұмыс істеуге дайынбыз, – деді аймақ басшысы.

Заманауи ванна бөлмесіне қажеттінің бәрін шығаратын зауытқа 24 гектар жер телімі бөлінді, 44,1 млрд теңге инвестиция салынады. Жылдық өндірістік қуаты 500 мың бұйымға дейін жетеді. Өндірілген өнім Қазақстанның ішкі нарығына жеткізіліп, Орталық Азия елдеріне экспортталады. Жергілікті мамандардың біліктілігін арттыру үшін арнайы оқытып, 300-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады. Компания жыл соңына дейін заманауи ванна бөлмесіне қажеттінің бәрін –

сапалы унитаздар мен раковиналардан бастап, жиһаз бен смесительлерге дейін өндіреді. Сантехникалық керамика, орындықтар мен қақпақтар, жылына 50 000 дана акрилді ванна шығаратын композиттік бұйымдар, сондай-ақ жиһаз және жаспырғын инсталляциялар зауыттары кіреді. Компания өндірістің экологиялық қауіпсіздігіне де ерекше көңіл бөліп, су ресурстарын үнемдейтін заманауи тазарту қондырғыларын орнатады. Құрылыс 2028 жылдың екінші тоқсанында іске қосылады деп жоспарлануда.

Аймақтың өндірістік әлеуетін еселейтін тағы бір маңызды бастама – «Seven Rivers Technologies» шыны ыдыстар зауыты. Зауыт әлемдік деңгейдегі «Hot» неміс технологиясымен жабдықталып, заманауи әрі экологиялық талаптарға сай өнім өндіреді.

Бұл кешен «Өнеркәсіпті дамыту қорының» «Жасыл даму» бағдарламасы аясында қаржыландырып, тек жаңа бұйымдар шығарып қана қоймай, ел аумағынан жиналған шыны қалдықтарын қайта өңдеуді де қолға алады. Осылайша, қоқысқа кеткен шынылар қәдеге жарап, өнім болып қайта шығады. Жаңа өндіріс орны өндіріс өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға, экспорт көлемін ұлғайтуға және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға үлесін қосады деп күтілуде.

Өндіріске қажетті негізгі шикізат ретінде аймақтағы жергілікті жоғары сапалы кварц құмы, әк және доломит қорларын пайдалану арқылы өнімнің өзінің күн төмендеп, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Зауыттар аумағында су ресурстарын үнемдеуге және қоршаған ортаны қорғау үшін тазарту қондырғылары іске қосылып, жылына 240 миллион дана бөтелке шығарады.

Іргелі жобалар Қазақстанның өңдеу өнеркәсібін мүлдем жаңа халықаралық деңгейге көтереді. Кәсіпорын іске қосылған кезде елімізде бұрын сырттан тасымалданған сантехникалық, инженерлік және шыны бұйымдары енді өзімізде өндіріледі. Демек, Сыр өңірі алдағы уақытта Орталық Азиядағы маңызды өндірістік орталықтардың біріне айналуы әбден мүмкін.

Басы 1-бетте

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ

Билік тарапынан әдейі жасалған ашаршылық науқаны, қазақ халқының санын 2,2 миллионға кемітіп, рухани дағдарысқа әкеліп, ұлттық сананы сансыратып, елдің сағын сындырды деген дерек те бар.

А.Оразбақовтың айтуынша, ашаршылықтан кейін, ашаршылық кезінде, аштықтан қашқан қазақтар көршілес Өзбекстан, Ресей, Қытай территориясына кетіп қалған. Сол кездерде қазақтың рухын бәсеңсітуге арналған амал болуы мүмкін. Ал санына қарай қазақтың кеміруі ғалым Талас Омарбековтің зерттеу еңбектерінен көруге болады.

– Революцияға дейін қазақтың интеллигенциясы Ресейде қызмет істесе, кейбірі Ресейден оқу орнын бітірген, көзі ашық, көкірегі ояу жандар болды. Тіпті олардың ішінде Думада, Алаш партиясында қызмет істегендері де бар. Ал совет үкіметі орнағаннан кейін қазақ интеллигенциясының жаңа буыны көтеріліп келе жатты. Егін қалай көтеріліп, өркен жаяды, сол секілді қазақ интеллигенциясы да сапа жағынан нығайған кезі болатын. 1930 жылдан бастап қазақтың бетке ұстар азаматтарын бел орапқан қырып салғандай жағдай болды. Тіпті олардың 90 пайызын құртты деп айтуға негіз бар. Репрессия құрбандарының саны жайлы толық айту мүмкін емес. Репрессияға ұшырағандардың барлығы интеллигенция өкілдері деп айтуға болмайды. Көпшілігін жұмысшылар мен шаруалар құрайды, – дейді А. Оразбақов.

Сыр өңірінен қаншама боздақ қанды қырғынның тырнағына ілініп, ажал құшты. Ол күндерді еске алудың өзі қандай ауыр. Десе де, тарих қатпарындағы ашық ақиқатты қуғын-сүргіннің зардабын тартқан жандардың ұрпақтары қалай ұмытсын? Қаншама адамның тағдырына қарап таңбасын қалдырған нәубеттің құрбаны болған әкесі Әбжаппар Жантуғанұлы жайлы әріптес ағамыз, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақ радиосының үздігі Ахат Жанаев көзі тірісінде тәбірінен еске алған болатын.

– Әкем небәрі 34 жасында «Қызыл қырғынның» құрығына ілінді. Жазықсыздан жазықсыз он жылға кесіліп, қырықтың қырасына жетпестен Волголағ лагерінде мерт болған екен. Бұл жөнінде бізге анамыз да, әжемді де, ағайын-туыстарымыз да сыр аша бермейтін. Болкім, өзгелердің көзіне түрткі болмасын, ер жеткен соң өздері естіп, біле жатар деген шығар. Үлкен кісілер дастарқанда бас қосқан кездерінде ашық сырласайық дейді ме, әйтеуір, бізді манайына жығта бермеген көрінеді. Сонда оңаша отырғанды қолай көрген олар өзекті өртер өкілеті ортаға салып, көкірек кернеген шерлерін тарқатысатын болған ғой, – деген еді ауыр күрсініп.

Әкесі – Әбжаппар Жантуғанұлы Жалағаш ауданының тумасы. Алғашқы еңбек жолын Қызылорда ет комбинатында жұмысшылықтан бастап, өзінің қажыр-қайратының арқасынан басшылық қызметтерге сатылып көтерілді. 1928 жылы отбасын құрып, Ерхан, Нұрхан, Ахат есімді ұлары дүниеге келеді. 1932-

1934 жылдары Түркістан мен Қазалы ет комбинаттарын басқарып, тәжірибе жинақтады. Осылайша, 1934 жылы Украинаның Полтава қаласындағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі. Оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, сол жылдың жазында Әулиеата ет комбинатына директор болып тағайындалады. Өкініштісі, 2 жылдан соң, яғни 1937 жылдың 26 қарашасында ол кісі «халық жауы» деген жалған жаламен 10 жылға сотталды.

қамқорлығында болды. Бізді ел қатарына қосқан әжемді 94 жасында дүние салды, – дейді репрессия құрбанының ұрпағы.

Кейіннен белгілі болғанындай, ақтық демі біткенше ақиқат деп әділетсіздіктің құрбанына айналған Әбжаппар Жанаев 1942 жылдың 20 мамырында Еділ бойындағы Волголағ концлагерінде 39 жасында өмірден озыпты. Бұл қаралы хабарды Жанаевтар әулеті 1958 жылдың күзінде ол кісі ақталған соң ғана білген екен.

## ТАРИХҚА ТАҢБА САЛҒАН ЗҮЛМАТ



Ахат ағамыздың айтуынша, анасы Ырзақұл әкесі туралы шындықты балаларына ақыл тоқтатқан соң айтқан. «Осы уақытқа дейін әкелеріңді қан майданның бел ортасында ата жаумен шайқасып жүр деп келіп едім. Енді шындықты айтпауға арым жетер емес. Біріншіден, онсыз да жабайқа жүректеріңді жараламайын дедім. Екіншіден, кейін өздеріңе кесірі тиер, жолды байлар, өзге жұртқа жиіркенішті етер деп қауіптендім. Осылайша, шындықты бүркемеуге тура келді. Әкелерің 1937 жылдың қараша айында он жылға сотталды. Мәзірім түгел өткеніңің өзінде 1947 жылдың өзінде елге оралуы керек еді. Енді екінші жылға қаралы, хабар-ошар болмай жатыр» деді жарықтық анам деп ағамыз үнісі қалып, сөзден соң әңгімесін әрі қарай сабақтаған болатын. Ол кісі өмірден өткеннен әкесі жайлы айтқан естелігі бәз қалпында санада сақталып тұр.

– Саяси қуғын-сүргін азабын әкесім ғана емес, анамыз да, тіпті біз де көп тарттық. Анам аштан қырылмайық деп елге көшті. Ағайынды панааладық. 1948 жылдың күзінде азаматын 11 жыл бойы сарыла күткен анам да қайтыс болды. Біз Ұлбосын есімді нағашы әжемдікің

Үлкен ұлы Нұрхан ағамыздың мына бір өлең шумақтары көп нәрсені дәлелдеп тұрғандай.

Әкем менің жаз дидарлы жан еді,  
Қайратты еді, қайыспайтын нар еді.  
Аман нешік, ерте өтті өмірден,  
Бәрі, бәрі 37-нің әлегі.  
Өңгіме ұзақ, айта беріп неетеміз,  
Айта берсек, мұңға батып кетеміз.

Бүгін біздер ата-ананың жасының,  
Екі ессін жүріп өткен екенбіз.  
Иә, өмірде артына ұлағатты да, ұлықты ұрпақ қалдырып, ізгіліктің шырағын жағып кеткен ардақты азаматтың ұрпағы Ахат ағамыз өзі өмірден өткенмен, әкесінің тар жол тайғақ кешумен өткен ғұмырын тарихи шындықпен сабақтастырып, «Арманда кеткен арысым» деген кітабын кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп сыйға тартып кетті.

Расында, бүгінгі жастардың тәуелсіздігіміздің қаншалықты қиыншылықпен келгенін білгендері ләзім. Себебі біз әлі тарихы толық жазылып бітпеген халықтың ғой. Ал тарихымыздың танылмаған тараулары қалай да жазылуы керек.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Соңғы жылдары қоғамда қызу талқыланатын келе жатқан бұралқы иттер мәселесі адам өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіріп отыр. Осы түйткіліге байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жауапкершіліктен қарау мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

2021 жылы «Жануарларға жауапкершіліктен қарау туралы» заң қабылданған еді. Заң бойынша қанғыбас иттер мен мысықтарды жаппай жою тоқтатылып, олардың санын реттеу үшін TNR жүйесі енгізілді. Яғни бұралқы жануарларды аулап, стерилизация жасап, вакцина егіп, кейін қайтадан табиғи ортасына жіберу қарастырылды. Бұл тәсіл әлемдегі ең гуманистік модельдердің бірі ретінде саналады. Алайда жүйенің тиімділігіне күмән туындап отыр. Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршиннің мәліметінше, соңғы төрт жылда бұралқы иттердің адамға шабуыл жасауы 28 пайызға өскен. Тек 2024 жылдың өзінде иттердің адамға шабуыл жасаған 38848 жағдай тіркелсе, оның 24410-ы бұралқы иттердің үлесіне тиеді. Бұл көрсеткіш қоғамдағы алаңдаушылықты күшейтеді. Еділ Жаңбыршиннің айтуынша, стерилизация жасау популяцияны реттемейді.

– Әлемде иесіз жануарлар санын реттеудің негізін екі моделі бар: қайтарымды және қайтарымсыз аулау. Біз осы модельдерді пайдаланған елдердің тәжірибесін қарадық. Түркияда 20 жылға жуық уақыт бойы қайтарымды аулау моделі қолданылды. Алайда күткен нәтижеге қол жеткізілген жоқ. Керісінше, әртүрлі бағалаулар бойынша, бүгінде Түркияда шамамен 4 миллион бұралқы ит бар. Сондықтан 2024 жылы Түркия билігі бұрынғы тәсілден бас тартып, қайтарымсыз аулау моделіне көшуге мәжбүр болды, – дейді депутат.

Белсенділер Президент әкімшілігіне үндеу жолдап, заңға veto қоюға шақырып, оны «жануарларды жаппай қырып-жоюға бағытталған қадам» деп атады. Дегенмен, билік

бұған дейін бұл өзгерістер қанғыбас иттердің шабуылы мәселесін шешу және халықты қорғау үшін қажет деп мәлімдеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселенің түп-тамыры адамдардың жауапсыздығында екенін атап өтті. Оның айтуынша, көптеген адамдар жануарды асырап алып, кейін оны көшеге тастап кетеді. Соның салдарынан бұралқы иттердің саны көбейіп, балалар мен ересектердің қауіпсіздігіне қатер туындауда.

– Негізінде, қанғыбас иттер мәселесі адамдардың немісқұрайлылығы-

Депутаттардың айтуынша, қазіргі модель популяцияны толық бақылауға мүмкіндік бермейді. Себебі қанғыбас иттердің кемінде 80 пайызын ұстап, стерилизациялау қажет, ал мұны іс жүзінде орындауға миллиардтаған қаржы жұмсалады. Сарапшылардың есебінше, елдегі бұралқы иттерді жаппай стерилизациялау үшін кемінде 14 миллиард теңге қажет екен.

Қызылорда қалалық ветеринарлық станциясы берген мәлімет бойынша жауапсыздықтың кесірінен үстіміздегі жылы иесі бар иттер қала тұрғындарына 117 жаракат салған.



## ЗАҢ МАҚҰЛДАНДЫ: Бұралқы ит мәселесі шешіле ме?

ның салдары. Мұндай құбылыстарды тоқтату үшін шаралар қабылдау қажет. Мысалы, қанғыбас иттерге деген қамқорлық өзара дұшпандық отын тұтандыруға немесе адамдарды жақтаушылар мен қарсыластарға бөлуге себеп емес. Мәселе мынада, ол қараусыз қалған жағдайда, балалар мен тіпті ересектер жабайы иттердің құрбанына айналуға. Біз бұл ақапартты аймақтардан алып жатырмыз. Ал бұл жағдай үкімет пен қоғамның араласуын, соның ішінде Парламенттің заңнамалық қолдауын қажет етеді, – деді Президент.

Бұл елімізде ең көп талқыланған заңдардың біріне айналды. Парламент мүшелері және жануарлар құқығын қорғаушылар арасында дау тудырды.

Оқиға орын алған бойда ветеринария саласының мамандары іске кіріскен. Иттерді 10 күндік ветеринарлық бақылауға қойып, нәтижесінде құтыру ауруының белгісі байқалмаған. Мамандардың қарағанына мен уақытылы жүргізілген тексерулердің нәтижесінде, биыл тіркелген оқиғалардан құтыру ауруының белгілері анықталған жоқ.

– Заң жануарларды қорғағанымен, адам қауіпсіздігі басты орында. Үй жануарларын ұстау мәдениетінің әлі де ақсап тұрғанын көріп отырмыз. Ит – иесі үшін дос болғанымен, түздегі жұрт үшін қауіпсіз болуы тиіс, – дейді қалалық ветеринария станция басшысының орынбасары Қайрат Әбдімәлік.

Осыған байланысты жаңа түзетулер бойынша енді қайтарымсыз аулау моделі енгізілді. Көшеде ұсталған бұралқы иттер бұрынғыдай қайтадан ортаға жіберілмейді. Олар арнайы панажайларда 5 күннен 60 күнге дейін ұсталып, жаңа иелеріне беріледі немесе өмірінің соңына дейін сол жерде қалуы ықтимал. Дегенмен қоғамды алаңдатқан басты мәселе – эвтаназия мәселесі. Әлеуметтік желілерде «Қазақстанда жануарларды жаппай жоюға рұқсат берілді» деген пікірлер жоқ емес. Жаңа заңда эвтаназияға тек медициналық себептермен ғана рұқсат етілетіні айтылған. Яғни жануар ауыр жаракат алып, емделмейтін жағдайда болса немесе адам өміріне нақты қауіп төндірсен ғана ветеринардың қорытындысымен ұйықатуға болады. Тағы бір өзгеріс – «қанғыбас жануар» ұғымының нақтылануы. Бұрын микрочипті жоқ кез келген ит бұралқы ит ретінде танылатын. Енді үй жануарының қарғыбауы, сыртқы күтімі ескеріледі.

Сондай-ақ жергілікті әкімдіктер мен мәслихаттарға жануарларды ұстау мерзімін өздері белгілеу құқығы берілді. Әр өңірде жағдай әртүрлі болғандықтан, бұл шешім аймақ ерекшелігіне сай қабылданады. Ауланған иттердің панажайда қанша күн жататынын әр облыс немесе қала мәслихаты өзі бекітеді. Жергілікті бюджет мүмкіндігіне қарай оларды ұзағырақ ұстауы немесе мерзім қысқартылуы ықтимал.

Думан КЕҢШЛІК

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер етіп қана қоймай, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетеді. Сондықтан қоғамда заң мен тәртіп қағидатын нығайту, адалдық пен әділдік құндылықтарын дәріптеу маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТӨЗБЕУШІЛІК — ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениеті – әрбір азаматтың заң талаптарын құрметтеуі, әділдік қағидаттарын ұстануы және кез келген заңсыз әрекетке бейжай қарамауы. Мұндай мәдениет тек мемлекеттік қызмет саласында ғана емес, жалпы халық арасында кеңінен қалыптасуы қажет. Себебі жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан халық арасында түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Департамент қоғамда парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру бағытында бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыруда.

Атап айтқанда, департамент тарапынан мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік ұйымдарда және халықпен кездесулер барысында мемлекеттік қызмет әдебі, заң талаптарын сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері кеңінен түсіндірілуде. Мұндай шаралар азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, қоғамда адалдық құндылықтарын нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу саласына жүргізілген мониторинг жұмыстары барысында заң талаптарына сәйкес келмейтін шектеулер анықталып, оларды жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Бұл мемлекеттік рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге және заң талаптарының сақталуына өз әсерін тигізді.

Бұдан бөлек, департаментпен мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет түрлері бойынша да зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталып,

мемлекеттік қызметшілерге қатысты тиісті шаралар қабылданды. Аталған жұмыстар мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыруға, қызметтік әлеп нормаларын сақтауға және мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

Департамент басшысы мемлекеттік қызметшілермен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, білім беру ұйымдарының басшыларымен және халық арасында бірқатар кездесу өткізіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін кеңінен талқылады. Кездесулер барысында қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің әлеп нормаларын сақтау, азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс орнату мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Әсіресе білім беру ұйымдары өкілдерімен өткен кездесулерде жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын сіңірудің маңыздылығы айтылды. Себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен тәрбие мен саналы көзқарас арқылы қалыптасады.

Бүгінде қоғамда адалдық идеологиясын нығайту, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табуда.

Осы бағытта жыл басынан бері 200-ден аса түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әділдік пен ашықтық қағидаттары орыннан қоғамда ғана тұрақты даму мен сенім қалыптасады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

Жанар ҚОЗБАҒАРОВА,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің

Қызылорда облысы бойынша

департаменті,

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

басқармасының бас маманы

– Тіпті елімізде мектеп жасындағы балалардың өз-өзіне қол салу дерегі де тіркеліп отыр. Біздің аймақта оңдай жағдай тіркелді ме?

– Өкінішке орай, Қызылорда облысында биыл 1 суицид және 3 суицидке ұмтылу жағдайы тіркелді. Дегенмен бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда төмендеген. Мәселен, 2025 жылдың алғашқы бес айында 5 аяқталған жағдай тіркелсе, биыл осы кезеңде 1 жағдай ғана тіркеліп отыр. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде. Мектеп психологтарының жұмысы күшейтіліп, арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылуда. Онда қауіп тобындағы балаларды ерте анықтау, эмоционалдық жағдайын бағалау, дағдарыс кезеңіндегі жасөспіріммен жұмыс тәсілі үйретіледі. Өңірде психологиялық қолдау орталықтары, сенім телефондары, шұғыл көмек кабинеттері жұмыс істейді. Сонымен қатар буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмысы, ата-аналар жиналыстары, қауіпсіз интернет тақырыбындағы сабақтар өткізіледі. Мамандар

**Жақсыгүл ТОҒАНОВА,**  
Қызылорда облысы бойынша  
бала құқықтары жөніндегі уәкіл:

## ӘР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ

суицидтің негізгі себебін бірі ретінде психологиялық қысым мен жағымдылық атап отыр. Сондықтан ата-аналармен жұмысқа да ерекше көңіл бөлінеді. Баланың мінезіндегі өзгерістерді дер кезінде байқау, күйзеліс пен тұйықталу белгісін тану мәселелері түсіндіріледі. Білім беру, денсаулық сақтау, полиция және прокуратура органдары бірлескен кеңес өткізіп, қауіпті жағдайды ерте анықтау алгоритмін енгізуде. Сонымен қатар UNICEF қолдауымен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға арналған бағдарлама жүзеге асырылып келеді.

– Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға қандай қолдау бар?

– Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар әрдайым ерекше назарда болады. Мұндай балалардың құқығының сақталуына тұрақты бақылау жүргізіліп, жан-жақты қолдау көрсетуге басымдық беріледі. Атап айтқанда, қорғаншылық немесе қамқоршылық рәсімін заң аясында ұйымдастыру, білім алуына және медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету, психологиялық әрі әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ мемлекеттік жәрдемақылар мен әлеуметтік көмектерді алуына жәрдем беріліп, тұрғын үй және мүлік құқығының сақталуы қамтамасыз етіледі. Балаларды отбасылық тәрбиеге орналастыру асырап алу, патронат, қамқоршылық мәселесі де басты назарда. Қажет жағдайда балалар қауіпсіз ортаға орналастырылып, қорғаншылық органдармен, әлеуметтік қызметтермен, білім беру мекемесімен және құқық қорғау органымен бірлескен жұмыстар жүргізіледі.

– Шешілмеген проблемалар бар ма?

– Өкінішке орай, балаларға қатысты күрделі мәселе әлі де бар. Соның бірі – отбасындағы зорлық-зомбылық. Кей жағдайда балаға жасалған қысым жасырын қалып, оны анықтау қиынға соғалады. Буллинг пен кибербуллинг те үлкен мәселе болып отыр. Әсіресе әлеуметтік желідегі қорлау әрекетін бақылау күрделі. Сонымен қатар кейбір отбасыларда ата-ананың жауапкершілігінің төмендігі, бала тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлмеуі де алаңдатады. Әлеуметтік жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық, тұрғын үй мәселелері балалардың толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіреді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық ортаға орналастыруда да қиындық кездеседі. Соңғы уақытта балалар арасындағы психологиялық күйзеліс, жалғыздық, қорқыныш сезімі жиілеп барады. Кей балалар көмек сұраудан қорқалады. Бұдан бөлек интернетке тәуелділік пен қауіпті контенттің әсері де ерекше алаңдатады. Инклюзивті білім беру саласында арнайы мамандар мен коллежтімі ортаның жетіспеуі байқалады. Сондай-ақ кей ата-аналар мен балалар өз құқығын толық білмейтіндіктен, мәселе уақытында шешілмей жатады.

– Кейде бала еңбегі каналы, құқығы тапталып жатады. Сондай сәтте сіздер тарапыңыздан қандай көмек беріледі?

– Егер бала еңбегінің каналы немесе бала құқығының бұзылуы анықталса, бұл мәселе бірден бақылауға алынады. Ең бастысы, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мұндай жағдайда тексеру жүргізіліп, құқық қорғау органдарына ақпарат беріледі. Заңсыз еңбекке тартқан тұлғаның әрекетіне құқықтық баға берілуі талап етіледі.

Басы 1-бетте

Сонымен қатар балаға психологиялық, әлеуметтік және қажет болған жағдайда медициналық көмек ұйымдастырылады. Оның білім алу құқығының сақталуына бақылау жасалып, отбасымен және мектеппен түсіндірме жұмысы жүргізіледі.

Қажет болса, әлеуметтік қорғау және қамқоршылық органдары да жұмысқа тартылады. Бұдан бөлек, осындай жағдайдың алдын алу үшін мектептерде, колледждерде және қоғам арасында тұрақты профилактикалық жұмыс үздіксіз жүргізілуде.

– Біздің аймақтағы балаларға жасалып жатқан қамқорлықтың ерекше екенін білеміз. Осы тұрғыда кенінен тоқталсаңыз.

– Дұрыс айтасыз, біздің облыста балаларды қорғау мен олардың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлініп келеді. Соңғы жылдары балалардың қауіпсіздігі, сапалы білім алуы, денсаулығы мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында ауқымды жұмыс атқарылуда.



Білім беру саласында жаңа мектептер мен қосымша білім беру орталықтары ашылып, балалардың заманауи жағдайда білім алуына мүмкіндік жасалуда. Соның бірі – ғылым, IT, робототехника, өнер және спорт бағыттарын қамтитын «Сыр жұлдыздары» шығармашылық инновация академиясы. Соңғы жылдары өңірде 3 Оқушылар сарайы мен 2 өнер мектебі пайдалануға берілді. Сонымен қатар 80-ге жуық спорт және балалар ойын алаңдары салынды. Мемлекет басшысының қолдауымен облыс орталығында жыл бойы жұмыс істейтін 300 орындық «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы ашылды. Ал «Келешек мектеп» ұлттық жобасы аясында заманауи мектептер салынууда. Ауыл балаларының сапалы білім мен интернетке қолжетімділігін арттыру мәселесіне де басымдық берілген. Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті орта қалыптастыру, психологиялық-педагогикалық қолдау кабинетін ашу жұмысы күшейіп келеді.

Балалардың қауіпсіздігі үшін мектептерде бейнебақылау орнатылып, буллингтің алдын алуға қадам жасалуда. Сонымен бірге жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында полиция, білім бөлімдері және ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыс жүйелі жүргізілуде.

Жазғы демалыс кезінде балаларды сауықтыру лагерімен қамту, спорттық және шығармашылық үйірмеге тарту мәселесі де назардан тыс қалған емес. Аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларына мектеп құралы беріліп, тегін ыстық тамақпен қамтылуда.

Басты мақсат – әр баланың өзін қауіпсіз сезінуіне, сапалы білім алып, бақытты балалық шақ кешуіне жағдай жасау.



– Балаларды қорғау күні мерекесіне тілегіңіз...

– Барша балаларды 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл күн – әр баланың бақытты балалық шағы мен жарқын болашағы туралы ойланатын ерекше күн. Бала – әр отбасының бақыты, еліміздің ертені. Сондықтан балаларымыз әрдайым аман, жүздері күлкіге толы болсын деп тілеймін. Еліміздің болашағы балаларға зор денсаулық, шаттыққа толы балалық шақ, оқуда табыс, асқақ арман тілеймін. Әр отбасында береке мен мейірім орнап, балаларымыз елдің жарқын болашағына айналысын. Бақытты балалық шақ – әр баланың құқығы. Әр бала бақытты болуға лайық.

– Сұхбатыңызға рахмет

Сұхбаттасқан Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Биыл өңірдегі жазғы тынығу лагерлері қалай жұмыс істейді? Балалардың қауіпсіздігі мен демалысын ұйымдастыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда? Бұл – көпшілікті толғандыратын маңызды мәселе.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінде аймақта 9 лагерь дайын тұр. Жалпы, барлық жазғы лагерь жаз маусымында 10 күннен 7 ауысымда – 4025 баланы қабылдайды. Ал жыл бойғы лагерьлерде – 11 410, барлығы – 15 435 баланы керемет жазғы демалыс күтіп тұр. Сонымен қатар биыл жаз маусымында 265 мектеп жанынан тынығу лагері тамақпен, 291 мектепте тамақсыз ұйымдастырылады.

Одан бөлек, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 829, «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 774 оқушы, демеушілер мен кәсіподақтар есебінен – 4 843 бала тынығалы деп жоспарланған. Сонымен қатар жақында ғана пайдалануға берілген жана нысан «AI-KERIM»



оқу-сауықтыру орталығы жыл бойы 8400 балаға жайлы демалыс сыйлайды деп жоспарлануда.

– Жаңа заңнама негізінде 2026 жылғы 1 сәуірден бастап лицензиялау тәртібіне сәйкес құжаттар рәсімделді. Облыстық білім басқармасымен лицензиялау мәселесіне қатысты ақпараттық-түсіндірме жиын өтті. Балаларды келергісіз қабылдауды ұйымдастыру бойынша қажеттіліктер зерделенді. Лагерьлерде балалардың толыққанды демалыс, тынығуына қолайлы жағдайлар жасалған. Лагерьге келген кезде барлық оқушы медициналық тексеруден өткізіліп, денсаулығына қарай тиісті шаралар жүргізіледі. Мұнда медициналық пункттер, оқшаулау бөлмелері қарастырылып, медицина қызметкерінің қорытындысымен күнделікті ас мәзіріне

Басы 1-бетте

## «AI-KERIM» 1 МАУСЫМҒА ДАЙЫН

Екінші қабатта шығармашылық пен ғылымды ұштастыратын арнайы кабинеттер орналасқан. Өнер кабинетінде сурет салу мен колорнерге арналған мүмкіндіктер қарастырылса, әуе және ұшықшысыз ұшу кабинетінде аэродинамика, электроника және БПЛА құрастыру негіздері үйретіледі.

Бұдан бөлек, астрономия кабинетінде автоматты бағытталатын телескоптар, жоғары сапалы оптика, астрономиялық камералар мен VR көзілдіріктері орнатылған. Ал ғарыштық байланыс және радио технологиялар кабинетінде балалар ғарыш инженериясы, радиобайланыс, робототехника және цифрлық технологиялар бағытында білім алып, халықаралық инженерлік жарыстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады.

– Жазғы демалыс жаңа үлгіде қызмет көрсетеді. Мұнда балалар тек тынығу ғана қоймай, спортпен айналысып, шығармашылық және ғылыми бағыттағы үйірмелерге қатысады. Ең бастысы – бұл орталық жыл бойы үздіксіз қызмет көрсетіп, өңірдегі балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар лагерьге жолдама беру барысында әлеуметтік осал санаттағы балаларға басымдық қарастырылған. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардың балалары, көпбалалы және толық емес отбасыдан шыққан балалар, экологиялық қолайсыз аймақтарда тұратын балалар мен мүгедектігі бар балалар тегін демалу және білім алу мүмкіндігімен қамтылады. 1 маусымда 300 баланы қабылдауға дайын, – деді «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығының директоры Руслан Алматыев.

Айтқолын АЙТЖАНОВА  
Суретті түсірген  
Нұрболат НУРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

## ЭКСКЛЮЗИВ СҰХБАТ

Қазақстан шахматының жаңа буыны әлемдік деңгейде жарқын нәтижелерімен көзге түсіп келеді. Осы саланың ең танымал өкілдерінің бірі – ФИДЕ гроссмейстері Әлішер Сүлейменов. Ол халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап, қазақстандық шахматтың дамуына елеулі үлес қосып жүрген жас әрі талантты шахматшылардың бірі. 2023 жылы гроссмейстер атағын алған Әлішер есімі Qatar Masters 2023 турнирінде ең атақты әлем чемпионы Магнус Карлсенді жеңгеннен кейін шахмат әлемінде кеңінен таныла түсті. Гроссмейстерлікке жету жолы, халықаралық жеңістері, жасанды интеллекттің шахматқа ықпалы туралы Әлішер Сүлейменовпен сұхбаттасудың сәті түсті.

Әлішер  
СҮЛЕЙМЕНОВ,  
ФИДЕ гроссмейстері,  
Қазақстан шахмат  
федерациясының  
нұсқаушысы

## ШАХМАТ –

ҚЫР-СЫРЫ  
ТАУСЫЛМАЙТЫН,  
СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМ

– Сіз отандық шахмат мектебінің ең танымал өкілі әрі ФИДЕ гроссмейстерісіз. Спорттағы алғашқы қадамыңыз неден басталды?

– Шахматқа алғаш рет алты жасымда қадам бастым. Алайда бұл спортқа келуімнің өзіндік бір қызықты тарихы бар. Алғашқы сабақта бапкер маған шахмат фигурасының суретін салып келуді тапсырды. Бала кезімнен перфекционистік мінезім болса керек, өзім салған сурет көңілімнен шықпай, жеткілікті деңгейде әдемі көрінбеді. Осы кішігірім сәтсіздіктен кейін үйімеге барудан мүлдем бас тарттым. Арала үш жыл өткенде бәрі кездейсоқ өзгерді. Бірде досым шахмат үйірмесіне қатысатынын айтты. Сол сәтте «мен де неге бармасқа?» деген ой келді. Осылайша, тоғыз жасымда зияткерлік спортқа екінші рет оралдым. Кәсіби тұрғыдан алғанда, мен бұл салаға кешірек келдім. Соған қарамастан, жіберіп алған уақыттың орнын тез толтырып, қысқа мерзімде алғашқы табыстарыма қол жеткізе алдым. Тәжірибем сүйеніс отырып, ата-аналарға баланы алты жасынан бастап шахмат үйірмесіне беруді ұсынамын. Бұл ең қолайлы кезең. Десе де, жас ерекшелігіне қатысты қатып қалған қағида жоқ: сәл ерте немесе кешірек бастау да қателік емес, өйткені бұл ойын бала дамуына тек он әсерін тигізеді.

– 2023 жылы сіз шахматтың ең биік белесі – гроссмейстер атағын бағындырыңыз. Бұл жетістіктің спорттық мансабыңыздағы орны қандай?

– Бұл белесті 23 жасқа толуыма бес күн қалғанда бағындырдым. Жасыратыны жоқ, бұл өте ауыр еді. Бала кезден мақсаты жоғары спортшы ретінде бұл мақсатқа әлдеқайда ерте жеткім келген. Спортта нәтижеге әсер ететін факторлар өте көп, оның ең бастысы – бәсекелес орта. Белгілі бір елдегі ішкі бәсеке деңгейінің маңызы зор. Мысалы, елімізде әйелдер шахматымен салыстырғанда, ерлер арасындағы бәсеке ұзақ уақыт бойы көлнекеде қалып келді, алайда қазір өсім бар. Қомандалық есепте әлемде 35-ші орындамыз. Сондай-ақ бақ сынайтын дүниежүзілік шахмат олимпиадаларының да өз тарихы бар. 2024 жылы Будапештте 45-ші олимпиада өтсе, биылғы қыркүйекте 46-шы жалаңды доға күтіп тұр. 2022 жылы бұл атаққа бір жыл қалғанда, мен мақсатыма тым жақын едім. Гроссмейстер атану үшін 3 норма мен 2500 рейтингтік ұпай қажет. Сол кездің өзінде менде 4 гроссмейстерлік норма болғанымен, рейтингім 2500-ге сәл жетпей, 2493 ұпайды көрсетіп тұрды. Нью-Делидегі Азия чемпионатында алғашқы турлардан-ақ мақсатыма жақындап, алайда шешуші партиялардың бірінде ойыным

жоспарланғаны бойынша шықпады. Қайта қалыма келу үшін ұзақ уақыт қажет болды, сөйтіп мақсатым тағы бір жылға шегерілді. Қызығы сонда, 2023 жылдың жазында ресми түрде гроссмейстер атанған сәтінде менің қоржымымда қажетті 3 норманың орнына 7 бірдей гроссмейстерлік норма бар еді. Бұл менің ойын стилімнің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Шахматта рейтинг – тұрақтылықтың өлшемі, ал норма – нәтиженің көрінісі.

– Шахмат мидың, есте сақтау қабілетінің, логиканың дамуына және шешім қабылдауға қалай әсер етеді?

– Шахмат пен өмірдің арасында ұқсастық өте көп. Бұл спорт түрі ең алдымен миды техникалық тұрғыдан шыңдап, таза кәсіби шеберлікті арттырады. Алайда оның күнделікті өмірде де жанама пайдасы орасан. Ойынның классикалық, рапид және блиц сияқты әртүрлі уақыт режимдері миды жан-жақты жұмыс істеуге дағдыландырады. Мысалы, орта есеппен төрт сағатқа созылатын классикалық партиялар адам бойындағы төзімділік пен табандылықты керемет дамытады. Логиканың дамуына келсек, мұнда қызық бір парадокс бар. Шахматтық жад пен күнделікті өмірдегі жад – екі бөлек дүние. Тіпті көпшілік ойлағандай, шахматшылардың бәріндей бірдей жады мықты бола бермейді. Бұрын мен шахматты жүз пайыз логикалық ойын деп санайтынмын. Бірақ жасанды интеллекттің келуімен бәрі өзгерді. Қазіргі шахмат бұрынғыдан мүлдем бөлек және логиканың үлесі шамамен 70 пайызға дейін төмендеді. Компьютерлік бағдарламалардың келуі ойындағы адам және шығармашылық элементтерді азайтып жібергені жасырын емес. Дегенмен, шахматтың шешім қабылдау дағдысына тигізген ықпалы зор. Уақыт тығыз болса – интуицияға, ал мүмкіндік болса – нақты есепке сүйену керек. Өмірде де дәл солай. Кейде бәрін түгел есептеп шығу мүмкін емес, сондықтан ішкі түйсікке сенім артқан тиімдірек.

– Әдеттегі жаттығу күнінің қалай өтеді? Партияларды талдауға, дайындыққа қанша уақыт бөлесіз?

– Жаттығу процесіне аптасына 6-7 күн, күніне 6-8 сағат бөлуге тырысамын. Егер қандай да бір себептермен жоспарланған уақытты толық орындай алмасам, демалыс күнін қысқартып, дайындықты толтырамын. Жалпы, шахматта дайындықта белгілі бір бағыттарға басымдық беріледі. Мысалы, бір партияны талдауға, дебюттерді пысықтауға және тактикалық тапсырмаларға шартты түрде бір жарым сағаттан жұмсалады. Бұл жүктемені күн сайын түрлендіріп, әртүрлі бағыттарды кезекпен дамытып отырамын. Бұл спортта физикалық дайындықтың да маңызы орасан зор. Ұзаққа созылатын партиялардың төртінші-бесінші сағатында төзімділігі аз ойыншының шаршауы айқын сезіліп, мидың жұмыс істеу белсенділігі төмендей бастайды. Сондықтан аптасына үш-төрт рет спорт залына баруды әдетке айналдырдым. Қазір дене шынықтыруға аптасына шамамен бес сағат уақыт арнаймын. Ішкі тепе-теңдікті табу да оңай емес. Бірнеше жыл бұрын спортпен аптасына 12-15 сағатқа дейін айналысып, қателік жібергенімді түсіндім. Спортқа шектен тыс уақыт бөлу кәсіби дайындыққа кедергі келтірді. Қазір физикалық жүктемені оңтайландырып, бес сағаттық деңгейде қалдырдым.

– Шахматтағы жасанды интеллекттің дамуына қалай қарайсыз? Қазіргі шахмат бағдарламалары ойыншылардың өсуіне көмектесе ме, әлде ойынды күрделендіре ме?

– Жасанды интеллект пен заманауи технологиялардың арқасында шахмат онлайн кеңістікке танымал. Бұл үрдіс әсіресе пандемия кезінде ерекше қарқын алып, көптеген спортшылар үшін нағыз көмекші болды. Бүгінде негізгі табысын қашықтан өтетін жарыстардан табағын шахматшылар аз емес. Онлайн форматтың артықшылығы айқын. Басқа қаладағы жарысқа қатысу үшін қаражат жұмсамай-ақ, онлайн уақытты тиімді пайдалануға болады. Мұндай турнирлердің жүзде қоры, әдетте, классикалық жарыстардан төмен болғанымен, жиі өтеді. Әрине, онлайн формат негізінен

рапид пен блицке бағытталған. Классикалық шахматты виртуалды түрде ойнау қиын. Төрешілердің толық бақылауы болмағандықтан, қулық жасау қаупі өте жоғары. Тіпті пандемия тұсындағы онлайн олимпиада кездерінде үйге арнайы төрешілер шақырылғанымен, бұл мәселені толық шеше алмады. Шахматтың дамуы теңдессіз мүмкіндіктер ашты. Қазір кез келген шеберлігі жоғары ойыншы Хиқару Накамура сияқты әлемдік элита өкілдерімен виртуалды тақтада кездесе алады. Жиырма бес жыл бұрын мұндай тәжірибе жинау мүмкін емес еді. Сондай-ақ бүгінде тек ойын ойнап қана қоймай, Chessable немесе Modern Chess сияқты оқыту платформалары мен онлайн академиялар арқылы шеберлікті шыңдау әлдеқайда оңай. Қазақстанда әлі де дәстүрлі офлайн мектептер басым болғанымен, сапалы онлайн білім алу жүйесі шалғай өңірлердегі талантты балалардың кәсіби бапкерлерден доріс алып, деңгейін өсіруге жол ашты.

– Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің шахматқа қызығушылығын арттыру үшін не істеу қажет?

– Шахматтың жастар үшін ең үлкен тартымдылығы – спорттың адамды тәуелсіздікке үйрететініне. Турнирлік кестесін де, жаттығу жоспарын да өздері белгілейді. Мектеп қабырғасынан бастап белгілі бір қатаң қалыпқа, бір-сарынды тәртіпке бағынып үйренген жастар үшін бұл еркіндік өте тартымды фактор. Әрине, егер спортшы ішкі тәртіпке берік болса, бәріне өз күшімен жетеді. Ал ұйымдаса алмайтын таланттарға кәсіби бағыт-бағдар беретін тәлімгерлер мен сыртқы қолдау аздай қажет. Сонымен қатар ата-аналарға айтар бір маңызды кеңесім бар. Баланы шахмат үйірмесіне беруді жоспарласаныз, бұл спортқа қыз балалардың табысқа жету мүмкіндігін анағұрлым жоғары. Себебі әлемдік деңгейде, ел ішінде әйелдер шахматындағы бәсеке ерлерге қарағанда әлсіз-деу. Мұны біздің ұлттық құраманың халықаралық аренадағы талай табыстарынан-ақ анық көруге болады. Сондықтан қыз өсіріп отырған ата-аналарға бұл бағытты жіберіп алмауды ұсынар едім.

– Шебер немесе гроссмейстер болуды армандайтын жас шахматшыларға қандай кеңес бересіз?

– Басты кеңесім – еңбекқорлық. Мен бұл арақатынасты 80 де 20 пайыз қылып, басымдықты еңбекке берер едім. Әрине, талантты болғаны жақсы. Алайда бойда бейімділік пен шахматқа деген дұрыс әдістеме болса, қажырлы еңбектің арқасында кем дегенде шахмат шебері деңгейіне жетуге болады. Заманауи шахматқа

Шахмат пен өмірдің арасында ұқсастық өте көп. Бұл спорт түрі ең алдымен миды техникалық тұрғыдан шыңдап, таза кәсіби шеберлікті арттырады. Алайда оның күнделікті өмірде де жанама пайдасы орасан. Ойынның классикалық, рапид және блиц сияқты әртүрлі уақыт режимдері миды жан-жақты жұмыс істеуге дағдыландырады. Мысалы, орта есеппен төрт сағатқа созылатын классикалық партиялар адам бойындағы төзімділік пен табандылықты керемет дамытады. Логиканың дамуына келсек, мұнда қызық бір парадокс бар. Шахматтық жад пен күнделікті өмірдегі жад – екі бөлек дүние. Тіпті көпшілік ойлағандай, шахматшылардың бәріндей бірдей жады мықты бола бермейді. Бұрын мен шахматты жүз пайыз логикалық ойын деп санайтынмын. Бірақ жасанды интеллекттің келуімен бәрі өзгерді. Қазіргі шахмат бұрынғыдан мүлдем бөлек және логиканың үлесі шамамен 70 пайызға дейін төмендеді.

жасанды интеллекттің тигізген әсері орасан. Компьютерлік бағдарламалардың арқасында ақпарат ағыны көбейді, бұл ойыншылардың шеберлігін жаңа деңгейге көтерді. Мысалы, қазіргі элиталық шахматшылар осыдан он жыл бұрынғы үздіктерге қарағанда әлдеқайда қуатты ойнайды. Себебі олар компьютер тауып берген жаңа идеялар мен қызықты концепцияларды терең меңгерген. Осындай заманда софтпен, яғни арнайы бағдарламалармен жұмыс істей білу өте маңызды. Кәсіби деңгей өскен сайын дербес жаттығудың рөлі бапкермен жұмыс істеуден де асып түседі. Әрине, алғашқы қадамдарда және шеберлікке ұмтылу кезеңінде білікті маманның көмегі ауадай қажет. Бірақ белгілі бір деңгейден асқан соң, спортшының өздігінен дами алу қабілеті мен ішкі тәртібі бәрі шешеді.

– Шахматқа енді ғана қызыға бастағандарға не айтар едіңіз?

– Шахмат – қыр-сыры таусылмайтын, сиқырлы әлем. Оны скрипка өнерімен салыстыруға болады, себебі бұл ойында толық кемелдікке жету мүмкін емес. Бүкіл саналы ғұмырыңды арнасаң да, оның шыңына шығу мүмкін емес. Бұған сан мәрте көз жеткіздім. Ең ортада аңызға айналған гроссмейстерлермен жиі жүздесіп, пікір алмасып тұрамын. Сырт көзге олар шахматтың бүкіл құпиясын меңгергендей көрінгенімен, өздері әлі күнге дейін күн сайын жаңа қыр-сыр ашып, ізденіс үстінде жүргендерін жасырмайды. Бұған, бір жағынан, қазіргі заманауи компьютерлік технологиялардың ықпалы тиіс, екінші жағынан, әлемде мықты ойыншылардың қатары тым жиілеп кетті. Тіпті тәжірибесіз аздау шахматшының өзінен де үйренетін нәрсені табылады, себебі әркімнің өзіндік ерекше қолтаңбасы мен стилі бар. Біреудің тактикасы мықты болса, енді біреудің стратегиялық қыры басым түсіп жатады. Осы орайда, жас буын мен жалпы оқырмандарға айтар басты кеңесім – шахматты шын жүреппен сүю және одан шексіз ләззат ала білу қажет. Кәсіби спортшылардың бойынан дәл осы қасиет жиі жоғалып жатады. Ойын күнделікті жұмыс пен күнкөріс құралына айналған сәтте алғашқы құлшыныс бәсеңдеп, адам тез жалыға бастайды. Бұл спорттың қатал заңдылығы. Өз мансабыма көз жүгіртсем, ең үздік нәтижелеріме тек шахматқа деген үлкен құштарлық болған кезде, ойын процесінің өзінен ерекше шығарған сәттерде ғана қол жеткізіпін. Сондықтан мейлі сіз кәсіби деңгейге ұмтылғыңыз, мейлі жай ғана әуесқой болсаңыз да, ең бастысы – жүректің сүйіспеншілігі сақталу. Осы қызықты зияткерлік әлемнің әрбір партиясынан рақаттанып, оған үнемі тәтті болып жүрудің маңызы зор.

– Сұхбатыңызға рахмет!



Аймақта аралас жекпе-жек спорттың қызығушылық танытатын жастардың қатары күн санап артып келеді. Бұл спорт түрі жарыс алаңындағы жеңіспен ғана шектелмей, тәртіпке, төзімділікке, өз-өзінді қорғауға және салауатты өмір салтына тәрбиелейтін маңызды бағыт.

## ҮЛКЕН КҮШ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Үйірме жетекшісі, ұлттық жекпе-жекте ҚР Әлем және Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бейбітжан Қоблановтың айтуынша, MMA жаттығуларына 7 жасдан бастап қатысуға болады.

– Жасөспірімдерге де, ересектерге де есіміз ашық. Қазір 38 жастағы азамат балаларымен бірге келіп, жаттығу жасап жүр. Бұл – жеңіл өз балаларына салауатты өмір салтын сөзбен емес, іспен насихаттап жүргенінің нақты көрінісі, – дейді жаттықтырушы.

MMA спортшының балалар денсаулығына пайдасы зор. Себебі аралас жекпе-жек бірнеше спорт түрінің элементтерін қамтиды. Жаттығу барысында бала күш-қуатын арттырып қана қоймай, шапшаңдық, ептілік, шыдамдылық және өзін-өзі қорғау әдістерін меңгереді.

– Қазіргі таңда балалардың көп уақыты телефон мен түрлі гаджеттерге кетуде. Осындай

кезде спорт – олардың денсаулығын нығайтып, бос уақытын тиімді өткізуге үлкен мүмкіндік. MMA арқылы бала тәртіпке үйреніп, өзіне сенімділік пен төзім қалыптасады, – дейді спортшы.

Жаттықтырушы бұл спорт түрі әскери салаға немесе құқық қорғау органдарына баруды армандайтын жастар үшін де таптырмас дайындық екенін атап өтті. Үйірме спортшыларының арасында түрлі жарыстарда топ жарып жүрген жеңімпаздар бар. Қазақстан чемпионаттарында жүлделі орындарға ие болған спортшылар бүгінде халықаралық додаларға дайындық жүргізуде. Алдағы уақытта Вьетнамда 6-10 маусым аралығында өтетін Азия чемпионатына қатысу жоспарланып отыр. Аймақта алдағы күндері де спортсүйер қауымға арналған бірқатар маңызды жарыс өтпек.

– 30 мамыр күні Президент саябағында көз түйістіру рәсімі ұйымдастырылады. Ал 31 мамыр күні сағат 17:00-де «Евразия» спорт кешенінде Қызылорданың үздік спортшылары халық алдында өнер көрсетеді. Аталған доғада 6 жұлдызды жекпе-жек енгізілген. Сонымен қатар басқа мемлекеттерден келетін спортшылар да қатысып, көрерменге тартысты кездесулер ұсынбақ. Жарысымыз жоғары деңгейде өтеді деп сенеміз. Барша қала тұрғындарын, спортсүйер қауымды келіп қолдау көрсетуге шақырамыз. Қонақ болыңыздар, – дейді Бейбітжан Қобланов.

Бетті дайындаған  
София ХАЙРУЛЛА



Меншік иесі:

СЫР  
МЕДИА

жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙМІН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несиіні жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3858 Тапсырма №900

Номердің кезекші редакторы Дүрман КЕЗШІЛІК